



ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КОММУНАЛДЫҚ САЛАДАҒЫ ҚАТЕ ШЕШІМ

6-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



СУМОДА ТОП ЖАРҒАН

8-БЕТ | СПОРТ

Бүгін, 28 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтеді.

Отырыс барысында еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары шығарылып, Үкіметтің алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері айқындалады.

№10
(4754)

Сейсенбі
28 қаңтар
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Қазақстан елшілігі АҚШ-тағы миграциялық саясаттың қатаңдатылуына байланысты осы елде құжатсыз, визасыз жүрген қазақстандықтарға ескерту жасады.

Шекара қауіпсіздігін нығайтуға және заңсыз миграцияны азайтуға бағытталған іс-шаралар елге заңсыз келген шетелдіктерге (визасыз келген және тұрақты тұруға рұқсаты жоқ азаматтар) және АҚШ-та заңсыз жүрген мигранттарға қатысты болып отыр. Қамауға алу және елден шығару сынды мәжбүрлеу шараларымен қатар, АҚШ-қа қайта кіруге шектеулер енгізіліп, сондай-ақ әлеуметтік көмек, жұмыс істеуге рұқсат беретін құжаттар мен басқа да әлеуметтік жеңілдіктерді жою қарастырылуда.


«АҚШ билігі заңсыз негізде жүрген шетелдіктерге (құжаты жоқ, жарамсыз виза мен тұрақты тұруға рұқсаты (Грин карта) және басқа құжаттар болмауы) елден өз еркімен кетуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл шара Қазақстан азаматтарының депортацияға ұшырау қаупін азайтуға және оның салдарынан болашақта АҚШ визасына өтініш бергенде ел аумағына кіруге тыйым салынуынан сақтануға көмектеседі» делінген Қазақстан елшілігінің хабарламасында.

САНСӨЙЛЕМ

ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫ-
НАН БАСТАП ҚАЛАДАН


4 000 000

ТЕКШЕ МЕТРДЕН
АСТАМ ҚАР
ШЫҒАРЫЛДЫ.



ӘЛИЯ ЕРЛІГІНЕ ТАҒЗЫМ

Елордада Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына арналған іс-шаралар басталды. Астаналықтар қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.



ОТАН ҚОРҒАУҒА ШАҚЫРЫЛАДЫ

2025 жылы әскери дайындыққа 3 мың әскери міндетті шақырылады. Бұл туралы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың тиісті бұйрығы шықты.

Әскери дайындық 2007 жылдан бастап, жыл сайын өткізіледі және ұзақтығы 30 күнге дейін болады. Дайындыққа қатысудан жалтару 5 айлық есептік көрсеткіш (19 660 теңге) мөлшерінде айыппұл салуды қарастырады.

Әскери дайындық кезінде әскери қызметшілердің жұмыс орындары мен лауазымдары сақталады. Оларға орташа жалақы төленеді, ал жұмыс істемейтіндерге – мемлекеттік бюджет есебінен ең төменгі жалақы беріледі.

Бұйрық «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Құжат 7 ақпанға дейін талқылауға қолжетімді болады.


LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРЛЫ ЖҮРУДЕ

Астана қаласындағы LRT құрылысы қарқынды жүргізіле бастады. Елорданың жол-көлік логистикасына серпін беретін жобаның ең маңызды кезеңі жүзеге асырылды. Атап айтқанда, LRT эстакадасының 22,4 шақырымдық құрылысы аяқталған. Ал рельс өткелін көтеріп тұратын тірек-бағандардың құрылысы толығымен орнатылып бітті. Былтыр республикалық бюджеттен жобаны іске асыруға 28 427 704 мың теңге көлемінде мақсатты трансферттер бөлінсе, сондай-ақ Үкімет резервінен 5,7 миллиард теңге қарастырылып, бұл қаржы толығымен игерілген.



5

3



ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қазақстан мен Беларусь президенттері телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы Беларусь Республикасының

Президенті сайлауындағы жеңісімен құттықтады. Тараптар екіжақты күн тәртібінің, сондай-ақ өңірлік

және халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕНІМ БІЛДІРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модиге Республика күніне орай құттықтау жолдады.

Мемлекет басшысы Үндістанның демократиялық дамуындағы елеулі прогресс пен әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ технологиялық салалардағы жетістіктерін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нарендра Модиге достас Үндістан халқының игілігі мен өркендеуі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Президент берік достық байланыстар мен стратегия-

лық серіктестікке негізделген қазақ-үнді қатынастарының ерекше сипатына назар аударып, екі елдің жан-жақты ынтымақтастығы одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

ЖЕКЕ ШОТҚА АУДАРУДЫ ҰСЫНДЫ

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов МӘМС қаражатының бір бөлігін азаматтардың жеке шотына аударуды ұсынды. Халық қалаулысы бұл қазақстандықтарды ақша аударуға ынталандырып, сенім ұялатып, әрі өз қажеттіліктеріне жұмсауға септігін тигізетінін айтты.



«Мысалы, бұл жарна сомасының 30-50%-ы болуы мүмкін.

Бұл қаражат тек азаматтың өз қалауы бойынша емделуге,

ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы немесе жинақ ретінде сақталуға пайдаланылатын болады. Бұл дегеніміз – ұжымдық сақтандыру жүйесінен ұжымдық-жинақтық жүйеге көшу.

Азаматтар сонда өз жарналарының бір бөлігіне ие болып, жинап, басқарып, қажет болған жағдайда ерікті полис сатып алып, денсаулығын сақтандыра алатынын түсінетін болады. Сонда ғана МӘМС-ке деген қызығушылық пен сенім артады. Бұл тәсіл шамамен 5 миллион адамға әділетті болып, жүйеге жаңа серпін береді» деді депутат.

КІМ ҚАНША ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ?

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында Қаңтар оқиғасына қатысты басты қылмыстық істердің бірі бойынша сот үкімі шықты.

Алматы қаласы мәслихатының бұрынғы депутаты Қайрат Құдайбергін 8 жылға абақтыға қамалды. Ол жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырды, сондай-ақ Жұмагелдиевпен байланыста болды деген күдікке ілінген. Оған мемлекеттен берілген марапаттар қайтарылды. Қаңтар оқиғасы кезінде ұсталған Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің 5-департаментінің бұрынғы

бастығы Руслан Ысқақовқа да үкім шықты. Ол 15 жыл 6 айға сотталды.

«Дикий Арман» лақап атымен белгілі Арман Жұмагелдиев 20 жылға сотталды. Жұмагелдиевке Қаңтар оқиғасы кезінде 24 адамды ұрлап кетті деген айып тағылған болатын. Былтыр 21 қыркүйекте Арман Жұмагелдиев пен Қайрат Құдайбергін және басқа да тұлғаларға қатысты қылмыс-

тық іс бойынша алдын ала тыңдау өтті.

Осы қылмыстық іс бойынша тағы 40 адам сотталды. Олардың арасында көбі сот үкімімен 1-2 жылға бас бостандығынан айырылғандар. Бұл мерзімді 2022 жылдың қаңтарынан бастап тергеу изоляторында өтетіндіктен, бірқатар сотталушының кейбірінің сот залынан босап шығатыны анық.

ЖАҢА ЗАҢДА НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Мәжілістегі Үкімет сағатына қатысқан Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова медициналық сақтандыруға қатысты жаңа заңнамада қандай өзгерістер болатынын түсіндірді.

«2026 жылдан бастап сақтандыру жүйесіне жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1 млн-нан астам азаматты тартуға мүмкіндік беретін Заң жобасы әзірленді (халықтың әлеуметтік осал тобы, табысы төмен адамдар). Бұл азаматтардың қалта шығындарын едәуір төмендетуге және оларды қаржылық қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған» деді А.Әлназарова.

Министрдің айтуынша, қызметтердің қайталануын болдырмау, азаматтардың әле-

уметтік мәртебесін есепке алу және сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық көмекке кепілдік беру үшін бірыңғай пакеттер қалыптастыру көзделіп отыр. 2026 жылдан бастап негізгі міндеттемелерді тегін медициналық көмек көлемі пакетінен сақтандыру жүйесіне ауыстырып, кезең-кезеңімен біріктіру жоспарлануда. «Тегін медициналық көмек көлемі пакетінде әлеуметтік маңызы бар ауруларға күдік жағдайындағы көмек 2-ден 8-ге дейін ұлғай-

тылып, сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін көрсетілетін болады. Одан бөлек, биылдан бастап сақтандырылмаған азаматтардың онкоскринингтен тегін өтуге мүмкіндігі бар. Биылдан бастап скринингтің жаңа 2 түрі енгізілді – жүктілікке дайындық және 50 жастан асқан ерлерде инсульт пен инфарктың алдын алу» деп сөзін түйіндеді ведомство басшысы. Заң жобасын ақпан айының соңында Парламентке енгізу жоспарлануда.



ҚЫТАЙ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық миссиясын бастаған Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чуньлинмен кездесті. Сауда-экономикалық ынтымақтастық, инвестиция, АӨК, көлік және логистика, энергетика, мәдени-гуманитарлық сала, туризм және басқа да салалардағы өзара іс-қимылды кеңейту мәселелері талқыланды.

Премьер-министр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин арасындағы қарқынды әрі сенімді байланыстар серпінді экономикалық ынтымақтастықтың негізі екеніне тоқталды.

Кездесуде тараптар екі ел

турасын одан әрі кеңейтудің, оның ішінде, қытай тарапының астық жүктерін вагондардың барлық түрі бойынша қабылдауын ұлғайту, сондай-ақ ҚХР-ға экспорттаушылар тізіліміне жаңа қазақстандық кәсіпорындарды енгізу арқылы Қытай нарығына

транзиттік-көлік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса назар аударылды. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ деректері бойынша 2024 жылдың 11 айында Қазақстан мен ҚХР арасында жүк тасымалдау көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда



арасындағы сауда-экономикалық әріптестіктің қалыптасқан жоғары деңгейін атап өтті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 9%-ға өсіп, \$43,8 млрд-қа жетті. Екі мемлекет басшылары қойған өзара сауда көлемін екі есеге арттыру жөніндегі міндеттерге қол жеткізу мақсатында үкіметтер тауар айналымын әртараптан-дыруға бағытталған қолда бар әлеуетті кеңейту бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде. Осыған байланысты қазақстандық тарап жеткізілетін өнім номенкла-

қазақстандық астықтың экспортын арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Бұдан басқа, бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері қаралды. Қытай Қазақстанның 5 үздік инвесторының қатарына кіреді. Бүгінгі таңда 11 мың жұмыс орнын ашу арқылы \$8,7 млрд-қа 62 қазақ-қытай жобасы іске асырылды, 17,4 мың жұмыс орнын ашатын 13,5 млрд-қа 55 жоба іске асыру сатысында. Жалпы пулга \$60,5 млрд-тан астам 222 инвестициялық жоба кіреді. Сондай-ақ

13%-ға өсіп, 29,3 млн тоннаны құрады. Жүк тасымалын одан әрі арттыру үшін қазақ-қытай шекарасында жаңа өткізу пункттерін ашу және қолданыстағы өткізу пункттерін жаңғырту, сондай-ақ шекара маңындағы кеме қатынасын дамыту жөнінде бірлескен іс-шаралар қабылдаудың маңызы нақтыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар екіжақты өзара іс-қимылдың барлық негізгі бағыттары бойынша әріптестікті нығайту және бірлескен жұмысты күшейту ниеттерін растады.

ӘЛИЯ ЕРЛІГІНЕ ТАҒЫМ

Кеше Астана қаласында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Осылайша, Жеңістің 80 жылдығына орайластырылған іс-шаралардың басталуына арналған митинг ашық деп жарияланып, Мемлекеттік әнұран орындалды.



Гүл қою рәсіміне Ақмола гарнизонының әскери қызметшілері, қонақтар мен қала тұрғындары қатысты. Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Шайх-Хасан Жазықбаев

Ұлы Отан соғысында майданға аттанып, шайқас алаңынан оралмаған қазақстандықтардың өлшеусіз ерлігіне тоқталды.

«Қазақстандық жауынгерлер соғыстың барлық шайқастарында,

атап айтқанда, Брест қамалын қорғудан бастап, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тігуге дейінгі сұрапыл ұрыстарда ерлік көрсетті. Біздің жауынгерлер Нева өзенінің бойындағы қаланы азат етуге атсалысты. Онда Қазақстанда құрылған әскери құрылымдардың үштен бірі шайқасты. Неваның бойында қоршауға алынған қаланы қорғауда қазақ қызы Әлия Молдағұлова қаһармандықпен қаза тапты. Оның ерлігі ұрпақ жадында мәңгілікке сақталады» деді Шайх-Хасан Жазықбаев.

Сонымен қатар «Қарулы күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің елордалық филиал төрағасы, авиация генерал-майоры Алсай Жұманов шайқаста еліміз тек әскери құрамаларды ғана жіберумен шектелмей, оқ-дәрі, киім-кешек, азық-түлікке дейін қамтамасыз еткенін алға тартты.

«Майдангерлердің еңбегі ұрпақ санасында сақталады. Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шараларды өткізуде бізге жүктелген мәртебелі әрі жауапты миссияны абыроймен өткізуге шақырамын» деп сөзін түйіндеді ол.


«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»: ӨТІНІШ БЕРІҢІЗ!

Елордада «Халық қатысатын бюджет» жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Жобаның аясында қала тұрғындары өз аулаларын абаттандыруға және жөндеуге мүмкіндік алады. Қазір аудан әкімдіктері өтініштер қабылдап жатыр. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты ақпарат таратты.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы азаматтардың өз аулаларын күрделі жөндеуге, скверлерді, саябақтар мен басқа да қоғамдық орындарды ашуға бағытталған бастамаларын қолдауға бағытталған. Бағдарлама 7 кезеңнен тұрады: сараптамалық кеңес құру, өтініштерді қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытындылау, жұмыс жоспарларын құру және іске асыру.

Сарайшық ауданының әкімдігі тұрғындардан өтініш қабылдауды бастап кетті. Қабылдау мерзімі 1 наурызға дейін жалғасады. Осы уақыт ішінде қатысушылар нақты өзгерістер мен бюджеттік есептеулерді көрсете отырып, даму жоспарын дайындауы керек. Аяқталған жобалар аудан әкімдігінің ресми сайтының «Пайдалы сілтемелер» бөлімінде жүктеледі, онда «Халық қатысатын бюджет-2025» қосымша парағы бар. Техникалық талдау мен тексеруден кейін өтініш дауыс беру кезеңі өтеді. Дауыс беру кезеңі 6-24 сәуір аралығында өтеді. Ол үшін аудан әкімдігінің сайтына немесе Egov Mobile қосымшасына электрондық цифрлық қолтаңба арқылы кіру қажет. Бір тұрғын тек бір жобаға дауыс бере алады. Жеңімпаздар үш санатта анықталады: пәтерлер саны 40-қа дейін, 100-ге дейін пәтер, 100-ден астам пәтер.

Сарыарқа ауданында 20 қаңтардан бастап өтініштер қабылданып жатыр. Ауданда 2019 жылдан бері «Халық қатысатын бюджет» жобасы сәтті жүзе-



ге асырылуда. Осы уақыт ішінде 121 тұрғынның бастамасы жүзеге асырылды. Өткен жылдың өзінде 66 аула жаңартылса, оның 43-і қала тұрғындарының атсалысуының арқасында жүзеге асты. Бағдарламаға қатысуға Нұра ауданының тұрғындары да 1 наурызға дейін өтініш бере алады. Бағдарлама аясында жыл сайын Астанада 100-ден астам аула жаңартылады. Жобаға қатысу арқылы тұрғындар ауланы абаттандыру бойынша өз идеяларын ұсына алады. Байқоңыр ауданының тұрғындары өз өтініштерін әкімдіктің www.baikonyr-astana.kz ресми интернет-ресурсына «Халық қатысатын бюджет-2025» бөліміне жібере алады. Ал-

маты ауданының әкімдігі де өтініштер қабылдайды. Жобаға тек осы ауданның тұрғындары ғана қатыса алады. Есіл ауданында 23 қаңтарда өтініштерді қабылдау басталды. Ол да 1 наурызға дейін жалғасады.

Ұсынысты жіберу үшін өтінішті толтыру керек (жобаның атын, оның сипаттамасын көрсету), эскизді және сметаны (шамамен болуы мүмкін), қазіргі жағдайының фотосуреттерін және таңдау бойынша презентацияны қосу керек. Бұл бөлімде сондай-ақ осы жобаның ережелері, үлгілік жобалық ұсыныс, жобалық іс-шараларды өткізу мерзімдері, сараптамалық кеңестің құрамы бар.

Кеше Астана қаласы мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе бойынша мәслихаттың кезектен тыс сессиясы өтті.

ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

Бос лауазымға депутаттар тарапынан бір ғана ұсыныс түсті. Сессия қорытындысында «Аманат» партиясының мүшесі, «Астана Су Арнасы» МКК бас директоры Табиғат Зейнұлқабденнің кандидатурасы мәслихат төрағалығына ұсынылды. Дауысқа салу нәтижесінде барлық депутат бірауыздан қолдады. Мәслихаттың бұрынғы төрағасы Ерлан Каналимовтың өкілеттілігі өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Ол 1974 жылдың 3 қазанында Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жантөлек ауылында дүниеге келген. Үйленген, үш баласы бар. С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетін (1998 ж.), «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша; М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетін (2002 ж.), «Құқықтану» мамандығы бойынша; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін (2002 ж.), «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы 3 қаңтарда «Целинстрой» ЖШС-інде жабдықтау инженері болып бастаған. Әр жылдары «Қарағанды Жылу» ЖШС



БЭ БПН бастығының орынбасары, «Қар МұнайТрейдинг» ЖШС директоры, «Қарағанды Су» ЖШС атқарушы директоры, «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» РМК бас директорының орынбасары, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жабдықтау бөлімінің бастығы, «Арыстан «BuildingCompanу» ЖШС, «Транстройгрупп» ЖШС директоры, «Қарағанды Су» ЖШС бас директоры қызметтерін атқарған. 2016 жылдан бүгінге дейін - Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖК МКК бас директоры болып жұмыс істейді. «Ерен Еңбегі үшін» медалімен (2015 ж.), «Құрмет» орденімен (2022 ж.) марапатталған. 2023 жылғы 29 наурызда Астана қаласының мәслихатының депутаты болып сайланды.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ЖАМАН ЖЕГЕНІН ЖАРИЯЛАЙДЫ...

Жақында әлеуметтік желіде әнші Алтынай Жорабаева бір қыста екі жылқы жеп қоям деп мақтанып, балқонында ілулі тұрған қазы-қарта, жал-жаясын көрсетті. Басқа біреу болса бірсәрі, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері картоп қымбаттады деп жұртшылық реніш білдіріп жатқанда осылайша мақтанып тұрғаны «Жақсы көргенін айтады, жаман ішкен-жегенін айтады» деген аталы сөзді есімізге салды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әрине, танымал әншінің әлеуметтік желіде ішкен-жегенін көрсетіп мақтануы, ол ең бастысы, оның материалдық құндылықтарды басты орынға қоятынын, қоғамдық жауапкершілікті дұрыс сезінбейтінін көрсетті. Газетті еттің астына төсеніш етіп салған әнші мерзімді басылымдарды оқыса, дәл бұлай жегенін айтып мақтанбас еді-ау?! Соған қарағанда, әнші өз тындармандарының арасында екі жылқы жемек түгілі, қымбаттаған картоптың өзін әзер сатып алатын жандардың да болатынын ескермейтін секілді.

Шын мәнінде, ішкен-жегенін айтып мақтану көбінесе әншінің білім деңгейімен, мәдениеті және дүниетанымымен тығыз байланысты. Бұл жерде әншінің жеке көзқарасы, өзін ұстау әдебі және аудиториясына деген жауапкершілік сезімі де үлкен рөл ойнайды. Өйткені өзін кәсіби өнер иесі ретінде ұстайтын, өнерін

насихаттап, қоғамға үлгі болуға тырысатын әншілер әдетте мұндай әрекеттерден аулақ болуға тырысады, басты назарын шығармашылыққа аударады. Олар өнердегі жетістіктерімен, шығармашылығымен және мәдени құндылықтарды дәріптеумен ерекшеленеді. Дегенмен, қазір әлеуметтік желіде кейбір әншілер де жұлдыз ретінде көріну, көрерменнің назарын аудару немесе трендте болу үшін өз өмірінің осындай қырларын да көрсетеді. Бұл мәдени тоқыраудың басты көрінісі десек қателеспейміз. Екінші тұрғыдан, әншілердің той жұлдызы атанып, фонограммамен ән айтса да, қыруар пайда тауып, елдің алдында жүруі - халықтың арқасы. Бірақ тойына шақырса, бір-екі ән айтып бергені үшін неше мың доллар ақша сұрайтын әншілердің сол халыққа қайта айналып келіп «мен бір қыста екі жылқы жеймін» деп мақтануының өзі мәдени жұтандықтың белгісі емес пе?! Осы тұрғыдан алғанда, өрес етеді, өнер де өз биігіне өркен жая алмайды...

9 МЫҢ ҮЙ ЖАНУАРЫНА МИКРОЧИП САЛЫНДЫ

2024 жылы 9 мың қаңғыбас жануарға микрочип салынды. Мәліметтер базасында иесі бар және қаңғыбас 37 864 жануар тіркелген, оның 19 844-і - ит, 18 020-сы - мысық. Мұндай мәліметті қалалық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте құзырлы ведомствоның өкілі жария етті. Елордада қаңғыбас жануарлардың санын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңына сәйкес жануарларды қолға түсіру, уақытша ұстау, вакцинациялау және зарарсыздандыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

«Аулау кезінде жануардың өлуіне апармайтын тор, ілмек, тор қақпандары қолданылады. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауға өтініштер iKomet 109 мониторингтік қызмет көрсету орталығы, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «Астана ветсервис» шаруашылық жүргізу құқығын-

дағы мемлекеттік кәсіпорнының жұмыс телефоны арқылы қабылданады. Қолға түскен жануарлар міндетті түрде чиптеліп, «Таңба» үй жануарларын есепке алудың бірыңғай базасына тіркеліп, питомникке тапсырылады. 2024 жылы 9 мың қаңғыбас жануарға микрочип салынды. Мәліметтер база-

сында иесі бар және қаңғыбас 37 864 жануар тіркелген, оның 19 844-і - ит, 18 020-сы - мысық» деп түсіндірді жұмыстардың ретін Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы бастығының орынбасары Самат Абдуллин.

Құзырлы басқарма өкілінің ай-



туынша, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын құтыру ауруына қарсы профилактикалық іс-шаралар және иттер мен мысықтарды дегельминтизациялау жұмыстары жүргізіледі. 2024 жылы иесі бар және ұсталған 17 мың қаңғыбас ит пен мысық вакцинацияланды. Сондай-ақ елордада қаңғыбас жануарлардың санын гуманды тұрғыдан реттеу мақсатында 2018 жылдан бастап үй жануарларын зарарсыздандыру және кастрациялау қолданылып келеді. 2024 жылы 1997 жануар зарарсыздандырылды, оның ішінде 410 ит және 1587 мысық бар.



Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №158/23-VII шешімімен бекітілген 31 адамнан тұратын елорданың Қоғамдық кеңесінің сапалық құрамына тоқталған төраға білім беру ұйымдарынан – 5, коммерциялық ұйымдардан – 8, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестік өкілдерінен 18 адам кіргенін тілге тиек етіп, елордалық Қоғамдық кеңес 99 пайызға толығымен жаңарғанын жеткізді. Олар тек елордаға ғана емес, елімізге абыройлы, беделді, халыққа танымал азаматтар деп атап өтті.

Кеңестің барынша нақты және нысаналы қызметін қамтамасыз ету үшін 5 комиссия құрылып,

1. ақпараттық-талдау жұмысы;
2. бюджет, экономика және қаржы мәселелері;
3. әлеуметтік саясат саласындағы азаматтық қоғамның мүддесін білдіру мәселелері;
4. кәсіпкерлікті дамыту мәселелері, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау мәселелері;
5. энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері, құрылыс және экология бағыттары бойынша қызмет еткені баяндалды.

Әр комиссияның есепті кезеңдегі атқарған жұмысына жеке-жеке тоқталып, атап айтқанда,

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЕСЕП БЕРДІ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтіп, кеңестің 2022-2025 жылдары атқарған қызметі бойынша қорытынды есебі тыңдалды. Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлфухар Ғайыпов кеңестің үш жылда атқарған қызметімен таныстырды.

әлеуметтік саясат саласындағы азаматтық қоғамның мүддесін білдіру мәселелері жөніндегі комиссия (төрайымы Рәмзия Фаатовна Өмірбаева) маусым, тамыз айларында елордамыздағы жайлы мектеп құрылыстарын аралап шыққан. Нәтижесінде қала билігіне аталған саладағы мәселелерді уақытылы шешу керектігі туралы өз ұсыныстары берілген. Соған сәйкес құрылыс нысандарындағы жұмыстар қарқын алды. Бұл өз кезегінде Астанадағы білім ошақтарын жаңа оқу жылына дайындығын уақытылы аяқталуына септігін тигізген.

Дәл сол сияқты бюджет, экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссияның (Руслан Маратұлы Төжен) қызметі туралы айтуға болады. Бұл жұмыс жүйелі түрде тоқсан сайын әкімдіктің Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасымен бірлесіп, «Астана» ӘКК «айналым

тетігі» жобасын іске асыруға қатысатын және қалалық бюджеттен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға жеңілдікпен кредит беретін «Magnum», «Анвар» ірі желілерінің бірқатар сауда нүктесінде баға саясатына мониторинг жүргізілген. Мониторинг нәтижелері жергілікті билік органдарына ұсыныс ретінде беріліп отырған. Сонымен қатар елорданың бюджетін нақтылау және қаланың 3 жылдық бюджетін қарастыру барысында өздерінің ұтымды ұсыныстарын дер кезінде берген.

Басқа комиссиялардың да миссиясы осындай. Энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері, құрылыс және экология комиссиясының (Ю.Х.Келигов) жұмысы туралы да ауыз толтырып айтуға болады. «Аталған комиссияның тікелей бастамасымен жыл сайын жылу

мерзімі басталмастан бұрын жылу мен энергия объектілеріне мониторинг жасау дәстүрге айналды» деді төраға Зұлфухар Сұлтанұлы. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тікелей бақылауы мен араласуының нәтижесінде №3 жылу-электр орталығы уақытылы іске қосылды. Жол құрылысына қатысты да дәл осындай жұмыстар атқарылды. Кеңес отырысына түскен нормативтік актілер, қала әкімдігі мен мәслихат қаулыларын бекіту мен өзгерістер енгізуде, елордадағы қауіпсіздік пен кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бойынша сұрақтарды, сондай-ақ, қала тұрғындары тарапынан түскен өтініштерді қарастыру барысында кәсіпкерлікті дамыту мәселелері, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау мәселелері бойынша комиссия (Е.О.Алауханов) тыңғылықты жұмыс атқарған.

Сонымен бірге ақпарат-

тық-талдау комиссиясының жұмысын атап өткен орынды. Қоғамдық кеңес пен билік арасындағы атқарылған жұмысты қала тұрғындарына уақытылы, сапалы да мазмұнды жеткізуде өте белсенді жұмыс атқарғаны айтылды.

Үш жылдық қорытынды есеп нәтижесі бойынша жоспарланған сұрақтар дер кезінде қарастырылып, қоғамдық тыңдау қорытындылары шығып, барлығы да елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын, атқарушы органдардың есептерін және басқа да мәселелерді қамтыған нормативтік құқықтық актілердің жобалары талқыланып ортаға тасталды.

Қоғамдық кеңес мүшелері қала бюджетінің мәселелерін, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуде белсенді атсалысқанын айрықша атады.

Күн тәртібіндегі мәселелердің әрқайсысын қарауды «бұл қала тұрғындарына қалай әсер етеді?» деген принцип арқылы қарастыру Қоғамдық кеңес мүшелерінің үнемі ұстанатын қағидатына айналғаны айтылды.

Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауына байланысты

Қоғамдық кеңес мүшелері үлкен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізгені, барлығы 12 мыңнан астам адамды қамтитын 230-дан астам іс-шара өткені баяндалды.

Елорда инфрақұрылымының дамуы мен проблемалары жан-жақты талқыланып тыңдаулар өтіп, билік өкілдеріне ұсыныстар жолданған.

Есеп беру жылында қаланың өзекті мәселелері бойынша кеңес мүшелері елорда әкімі Жеңіс Қасымбекпен екі рет тікелей кездесіп, мәселелерді өзара талқылағаны да тілге тиек етілді.

Жалпы Қоғамдық кеңес, билік пен азаматтық қоғам арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, қоғам мен билік арасында тиімді диалог орнату және қала өмірінің көптеген саласындағы проблемаларды шешуде өзіне жүктелген миссияны өз деңгейінде атқарды деген есеп берілді.

Айтқанымыздың дәлелі, атқарған қызметтерге жоғары баға беріліп, Қоғамдық кеңес мүшелеріне қала әкімдігі мен қалалық мәслихат төрағасының атынан алғыс хаттар табыс-талды.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы
Ұлттық құрылтай және
Астана қаласы Қоғамдық
кеңесінің мүшесі,
ҚР ҰҒА академигі

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ИГІЛІГІ

Қауіпсіздікті арттыру мақсатында елордада өткен жылы 15039 бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның бір бөлігі полицияның жедел басқару орталығымен біріктірілген. Бұл іс-шаралар айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді: 2017 жылмен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары кезіндегі өлім-жітім деңгейі 58 пайызға, ал қылмыстың жалпы деңгейі 61 пайызға төмендеді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында қалалық Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандық баяндады. Оның айтуынша, құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу бойынша жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қаланың жергілікті бюджетіне айыппұлдардан түсетін түсімдер шамамен 48,8 миллиард теңгені құрады.

«iKotek109» бірыңғай байланыс орталығы елорда тұрғындарының мәселелерін тиімді шешуді жалғастыруда. 2024 жылы орталық 2,2 миллион өтініш пен 438 мың оқиғаны өңдеді. Күн сайын 5 мыңнан 8 мыңға дейін өтініш келіп түседі. Бұл ретте өтініштердің 82 пайыздан астамы алғашқы қоңыраудан кейін шешілді» деді Бексұлтан Қуандық.

«QalaQyzmet» қалалық қызметтер орталығы 2024 жылы «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша елорда тұрғындарына коммуналдық және басқа да

қызмет түрлерін ұсына отырып, 200 мыңнан астам қызмет көрсетті. Бүгінгі таңда орталық кеңселерде де, портал арқылы да, 1414-тен түсетін проактивті қызмет арқылы да қолжетімді 120 қызмет түрі ұсынылады.

2024 жылдың басында «Virge» қалалық қызметтер порталы іске қосылды. Онда 30 мыңнан астам өтінім қабылданып әрі өңделіп, 25 мыңнан астам кеңес берілді. Әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерін автоматтандыру аясында 250-ден астам бизнес-үдеріс цифрландырылды.

Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін «Smart Astana» мобильді қосымшасы жұмыс істейді. Ол қала өмірінің түрлі саласын қамтитын 70-тен астам сервисті ұсынады. Қазіргі уақытта қосымшада 30 мың белсенді қолданушы бар. 2024 жылы Астанада ҚР Қарулы күштері үшін шақыру науқаны шеңберінде мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды медициналық куәландыру үдерісі толық цифрландырылды.

«Біз елорданың инновациялық экокүйесін дамыту үшін стратегиялық бастамаларды белсенді түрде іске асырудамыз. Өткен жылы Astana Hub-пен бірлесіп, IT-кәсіпкерлікті қол-

дауға және қалалық инфрақұрылымға инновацияларды енгізуге бағытталған «Astana Smart City» акселерация бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама қорытындысы бойынша 10 стартап әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерінде өз шешімін сәтті енгізді. Жастар арасында техникалық білімді насихаттау мақсатында жыл сайын STEM олимпиадалары өтеді. Бұл оқушылардың бағдарламалауға, робототехника мен инженерияға деген қызығушылығын арттырады. 2018 жылдан бастап 9 олимпиада ұйымдастырылды. Оған Қазақстан мен ТМД елдерінен 2000-нан астам оқушы қатысты. 2024 жылы po-code платформаларын қолдана отырып, IT-өнімдерді құруды үйрететін қала оқушыларына арналған «Capital No-Coders» тегін курсы басталды. 200-ден астам оқушы курсты бітірді» деді Бексұлтан Қуандық.

БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде аталмыш басқарма ISO 37120 «Қоғамдастықтың тұрақты дамуы – қалалық қызметтер мен өмір сапасының көрсеткіштері» халықаралық стандартын енгізу бойынша жұмыс атқарды. Сертификаттау аясында Астана экономика, білім беру,



IT-экокүйені дамыту: инновация мен білімді қолдау

- «Astana Smart City» бағдарламасы аясында 10 IT-жоба енгізілді.
- «Capital No-Coders» жобасы арқылы 200 оқушы IT өнімдерін жасауды үйренді.

Интернет инфрақұрылымы:

- 22 нысан желімен қамтамасыз етілді.
- 262 базалық станция орнатылып, 5G желісі іске қосылды.

денсаулық сақтау және қауіпсіздікті қоса алғанда, 19 негізгі салада 128 көрсеткіш бойынша бағалаудан өтті.

2024 жылы елордада интернет және байланыс инфрақұрылымын жаңғырту жұмысы жалғасты. Ол 22 нысанда қамтамасыз етілген. Ал 5G стандартының орнатылған және іске

қосылған базалық станцияларының жалпы саны 262 бірлікті құрады.

«Бұл жұмыстар елорданың цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту мен жақсартуды қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылы да жалғастынын атап өткім келеді» деп түйіндеді Бексұлтан Қуандық.

Казір өңірге депутаттар барған сайын бірінші кезекте көтерілетін мәселе – әкімдердің қарауында қажетті коммуналдық ресурстардың болмауы. Бұл ретте, кез келген апаттық жағдай, әлеуметтік мәселе орын алса, таяқтың ұшы бірінші кезекте әкімдерге тиетінін білеміз. Шынтығында, қала және аудан әкімдерінің құзырында білім саласына да, денсаулық саласына да ықпал ету тетіктері қалмаған. Ал елді мекендердің көркін кіргізетін, әкімдік жұмысының негізгі бағытын құрайтын көгалдандыру, абаттандыру, санитария, қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару және жолдарды күтіп ұстау жұмыстары кәсіпкерлік ортаға шығарылғандықтан, жергілікті жерде қиындықтар туындауда. Себебі осыдан бірнеше жыл бұрын коммуналдық қызметтер «бизнес тиімді ұйымдастырады, нарық бәрін реттейді» деп бәсекелестік ортаға берілген болатын. Бұл үрдіс еліміздің әкімшілік-басқару жүйесін, өндірістік-кәсіпкерлік мәдениетін, инфрақұрылымдық, географиялық және территориялық ерекшеліктерін және басқа да факторларды ескермей іске асты. Тек жоғары жақтан шешім қабылданып, науқаншылықпен өтті. Соның салдарынан мынадай жүйелі проблемалар орын алуда:

Біріншіден, Үкімет көгалдандырумен жыл – он екі ай айналысатын жоғары білікті мамандары және мықты материалды-техникалық базасы бар арнайы 2 коммуналдық мекемелердің жұмысын тек бәсекелестік ортаға ғана емес, сондай-ақ кейбір қоғам өкілдеріне тікелей беру туралы шешім қабылдады. Оның ішінде ерекше қажеттілігі бар азаматтардың ұйымдарына басымдық берілді. Бұл мәселеде де сұрақ жетерлік. Өйткені көктем, күз айларында көшеттерді отырғызу, санитарлық кесу, саябақтарды күтіп ұстау, агротехникалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, инвентаризация жасау

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ ЕМЕС

Осыдан бір жыл бұрын елімізді алапат су тасқыны алғанын білесіздер. Сол уақытта жергілікті әкімдіктерде не бір техника, тіпті қарапайым құрал-саймандардың болмағанына куә болдық. Соның салдарынан тасқынның алдын алу жұмыстары әлсіз ұйымдастырылды. Нәтижесінде қаншама елді мекен су астында қалды. Осы оқиғадан соң біз Үкіметке жергілікті атқарушы органның коммуналдық-шаруашылық саясатын ретке келтіру бойынша нақты ұсыныстарымызды жолдадық.



және басқа да жұмыстар жыл бойы атқарылуы қажет. Ал жыл сайын өтетін конкурстар

мердігерлердің үнемі ауысуына және көгалдандыру жұмыстарының жүйелі түрде жүргізілуіне

кедергі болып отыр. Бұл өз кезегінде коммуналдық салада жүйесіздікті туындатып, аталған

міндеттердің уақытылы орындалмауына алып келді. Яғни қарапайым тілмен айтқанда, «Сен салар да мен салар, атқа жемді кім саларды» кебін киіп жүрміз.

Екіншіден, мұндай жағдай абаттандыру және санитария жұмыстарында да орын алып отыр. Мысалы, балалар мен спорт алаңдарының құрылысын, ауланы, жолды қардан, қоқыстан тазартуды жыл сайын тендерді ұтып алған компания жүргізеді, көбінесе олардың бұл салада тәжірибесі жоқ. Соның салдарынан балалар жарақат алған немесе қаза тауып жатқан фактілер де бар. Сондай-ақ қалалар мен аудандарда тұрмыстық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды бірнеше жеке компания бөліп алған. Ал жергілікті әкімдерге қалдықтарды көму мен полигонды ұйымдастыру қарастырылған. Бұрынғыдай барлық процесі іске асыратын бірыңғай жүйе жоқ. Осыған байланысты қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу өте төмен деңгейде. Мәселен, осыдан 3-4 жыл бұрын Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданында конкурс рәсімдері соттағы дауларға байланысты кешіктіріліп, елді мекендердегі санитарлық тазалау және абаттандыру мәселелері 9 ай бойы шешілмей келді. Мұндай фактілер басқа облыстарда да бар. Жағдай осы күйінде қала берсе, тұрмыстық қалдықтарды түрлері бойынша іріктеп жинау тұрмақ, қоқыстарды тазартудың өзі мұң болмақ.

Үшіншіден, бұл осы саладағы білікті мамандардың тарап кетуіне, біртұтас жүйенің ыдырауына, мамандандырылған коммуналдық бизнес-құрылымдардың қалыптаспауына алып келді. Өйткені коммуналдық қызметтер – бәсекелестік ортаға шығаратын, пайда әкелетін емес, тек шығын

шығатын қызметтер. Біздің пайымымызша, осы коммуналдық қызметтерді нарыққа жіберу қате шешім болды. Осы саладағы жұмыс сапасының төмендеуі және конкурстағы сыбайлас жемқорлық халық арасында әлеуметтік шиеленісті тудырып, орталық және жергілікті билік органдарына жиі наразылық білдіруіне әкеліп отыр.

Коммуналдық міндеттерді кәсіпкерлік ортаға беру тәжірибесі дамыған шет елдерде де болған. Алайда ол тиімсіз болғандықтан, бұл функциялар мемлекетке кері қайтарылған. Мәселен, Германия, Франция, Ұлыбритания, Канада, АҚШ және тағы басқа елдерде көгалдандыру, қоқыс жинау, абаттандыру, жолдарды күтіп ұстау жұмыстарымен арнайы мемлекеттік ұйымдар айналысады. Біз кәсіпкерлік ортаға мемлекеттік функцияларды беруге қарсы емеспіз. Бірақ мемлекет пен қоғам үшін маңызды коммуналдық қызметтер мемлекет иелігінде болуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, мынадай мәселелерді жедел шешу керек деп есептейміз:

1. Абаттандыру және көгалдандыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару және өңдеу, автокөлік жолдарын күтіп ұстау жөніндегі қалалық және аудандық коммуналдық кәсіпорындарды заңнамамен қалпына келтіру.

2. Барлық коммуналдық кәсіпорындар 100 пайыз әкімдіктің қатысуымен және жергілікті бюджеттен тікелей қаржыландырумен жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде құрылуы керек. Сондай-ақ материалдық-техникалық базаны нығайту үшін РОП қаражатынан қаржы ресурстарын бөледі қамтамасыз ету қажет.

3. Қайта құрылған коммуналдық кәсіпорындар жыл сайын тиісті мәслихатта өз тарифін бекітіп, тоқсан сайын депутаттар алдында есеп беруі тиіс.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мемлекеттік жастар саясаты саласын дамытуда бірқатар жұмыс атқаруда. Ол бірнеше бағытқа бөлінген. Қалалық коммуникациялар қызметі алаңында осы туралы аталмыш басқарманың басшысы Самат Ибраев баяндады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Атап айтқанда, «Жастарды жұмыспен қамту» бағыты бойынша Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп бірнеше бағдарлама жүзеге асып жатыр. Бұл – «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар», «Алғашқы жұмыс орны» және т. б. Жалпы 2024 жылдың қорытындысы бойынша 13

мыңнан астам жас жұмыспен қамтылды. «Жасыл ел» жобасы бойынша жаз мезгілінде 4200 адам жұмысқа орналасты. Joltar жобасы аясында 3773 адам SMM, таргет, графика дизайны және бейнемонтаж сияқты цифрлық мамандықтарды игерді. 3904 адам тігінші, бариста, сатушы-кассир, бухгалтерлік есеп негіздері сияқты жалпы 10 мамандық бойынша курсты бітірді. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша елордада NEET

санатындағы жастардың үлесі 6,1 пайызды немесе 26447 адамды құрайды. Бұл санатқа еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар жатады. Жастарды әлеуметтендіру үшін «Жас жігер», «Үздік» жобалары жүріп жатыр.

Өткен жылдың басынан бері «Таза Қазақстан» республикалық акциясы жүріп жатыр. Акция мақсаты – сенбіліктерге қатысу ғана емес, жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру. Соның шеңберінде насыбайды өртеу ауқымды акциясы ұйымдастырылды. «Зиянды әдеттерге тәуелділікті спортқа айырбаста» атты акция, есірткі заттарын насихаттайтын жарнама жазбаларын өшіру бойынша рейд тұрақты түрде жүргізіледі. Жастар «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Таза дүйсенбі», «Сәтті сәрсенбі», «Жасыл Астана» аталатын іс-шараларға қатысады.

2024 жылдың басынан ойындарға тәуелділік пен лудоманияның алдын алу үшін белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Колледждер студенттерімен 6 профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. Оған психиатр дәрігерлер мен жоғары санатты наркологтар қатысты. 500-ден астам ақпараттық үндеу, брошюра, буклет таратылды.

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қызметінің басты бағытының бірі – «Волонтерлік қызмет». Соның аясында «Волонтер мектебі» ұйымдас-



тырылды. Бұл мектеп волонтерлерді әртүрлі деңгейдегі іс-шараларға дайындауға септеседі. Тиісті бағдарламаға ел тарихын оқыту, алғашқы медициналық көмек көрсету, әртүрлі елдің менталитетін зерттеу, дау-дамайды шешу кіреді. Волонтерлер елордада халықаралық, республикалық іс-шаралардың өтуіне үлесін қосып отыр. Мәселен, былтыр өткен ШЫҰ саммитіне 200 волонтер қатысып, қонақтарды қабылдау, тиісті орындарға жеткізу, аударма қызметін атқарды. V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 1600 волонтер тартылды.

Әскери-патриоттық бағытта «Жас сарбаз» жобасы аясында ардагерлермен, бүгінгі батырлармен ерлік сабақтары, фильмдер көрсетілімі, патриоттық

әндер байқауы, басқа да осы сияқты іс-шаралар ұйымдастырылады. Жалпы елорданың 110 мектебі мен 35 колледжіне «Жас сарбаз» сыныбы мен клубы жұмыс істейді. Тәрбиеленушілер саны 10 мыңнан асады.

Неке және отбасы институтын нығайту үшін «Отбасы – бақыт мекені» жобасы қолға алынған. Өткен жылдың басынан бері жас отбасылар арасында семинар-тренинг, кулинария және қолөнер бойынша шеберлік сабағы, шығармашылық байқау мен спорт эстафеталары ұйымдастырылды. Жастардың шығармашылығын қолдау мақсатында «Жастар жалыны», «Jastar Fest», «Жаңа белес» сияқты фестивальдер өтіп тұрады.

Сәулебек Асылханов есімі қазақ театр көрермендеріне жақсы таныс. Театр реформаторы Әзірбайжан Мәмбетовтің мектебінен тәлім алып, көптеген тың дүниені өнерсүйер қауымға ұсынған режиссердің ерен еңбегі – бүгінгі ұрпаққа үлгі.

ҮШ ҚАСИЕТКЕ ИЕ

Сәулебек Асылханов 1966 жылы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының жанындағы екі жылдық студияға оқуға түседі. 1968 жылы студияны тәмамдағаннан кейін М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының актерлік труппасына қабылданады. Ол жылдары аталмыш театрда сахна саңлақтары Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқанова, Хадиша Бөкеева, Ыдырыс Ноғайбаев, Зәмзәгүл Шәріпова, Фарид Шәріпова жұлдыздай жарқырап тұрған шақтары болатын. Жас Сәулебекке Әзірбайжан Мәмбетов «Ана – Жер-ана» трагедиясынан Жайнақтың рөлін береді.

Академиялық театрдың жас актер Сәулебек берген тәлімі мен өнегесі «режиссура» атты күрделі салаға бет бұруына алып келеді. 1971 жылы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияға «драма театры режиссері» мамандығына оқуға түседі. Оқып жүріп, 1974 жылы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрында сол кездері көптеген режиссердің қоюға батылы бара бермейтін заңғар жазушының «Айман-Шолпан» комедиясын сахналайды. Айманды Бақыт Жанғалиева мен Жұмагүл Мейрамова, Шолпанды Рахияла Машурова мен Шәмшәгүл Мендиярова кескіндеді. М.Әуезов театрында Сәулебек Асылханов сахналаған «Айман-Шолпан» өте табысты өткен қойылымдар қатарында болды.

1975 жылы Талдықорған қаласынан қазақ драма театры бой көтеріп, оның негізінің

қалануына дарынды режиссер Мұхтар Қамбаров, Қалмахан Бейсенбаев, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның «драма театр және кино актері» мамандығының түлектерімен бірге жас режиссер Сәулебек те атсалысады. Жас театр жалынды режиссерге сарқылмас шабыт сыйлайды. Аталмыш театрда Тахауи Ахтановтың «Әке мен бала», Александр Вампиловтың «Сүйінші, табылды, табылды» комедиясын сахналайды. Қазақ театр тарихында Абылай ханға арнап тұңғыш спектакль қойған режиссер – Сәулебек Асылханов. Кеңес идеологиясы ел тарихындағы қазақ хандары мен сұлтандарының, билерінің, көрнекті қайраткерлерінің есімін атауға тыйым салған уақытта Сәулебек Асылханов ержүректілікпен, батырлықпен Т.Қалихановтың «Алтын бесік» драмасын сахналайды. Бұл кеңестік тұста сол кездегі өнерсүйер қауымға ұлттық рух сыйлаған қойылым болды.

Тахауи Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясын еліміздегі театрлардың көбі сахналады, сахналап жатыр, сахналай да бермек. Бірақ бұл туындыны ең алғаш сахналаған, тіпті арнайы жаздыртқан Сәулебек Асылханов екенін бүгінгі ұрпақ біле жүргені жөн. Пьесаны Тахауи Ахтановқа арнайы жаздырып, музыкасын Нұрсат Тілендиевке, ән сөздерін Қадыр Мырзалиевке жаздыртты. Ең алғаш Талдықорған облыстық қазақ драма театрында Сәулебек Асылханов режиссерасымен сахналанып, өте табысты жүрген туынды болды.

Талдықорған театрында жемісті еңбек еткен Сәу-



Кеңес идеологиясы ел тарихындағы қазақ хандары мен сұлтандарының, билерінің, көрнекті қайраткерлерінің есімін атауға тыйым салған уақытта Сәулебек Асылханов ержүректілікпен, батырлықпен Т.Қалихановтың «Алтын бесік» драмасын сахналайды. Бұл кеңестік тұста сол кездегі өнерсүйер қауымға ұлттық рух сыйлаған қойылым болды

лебек Асылханов М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрына режиссер болып орналасады. Академиялық театрда ұстазы Әзірбайжан Мәмбетовпен бірге Антон Чеховтің «Ваня ағай» шығармасын сахналайды.

Дулат Исабеков КСРО халық әртісі Сәбира Майқановаға арнап «Мұрагерлер» атты пьеса жазады. Аталмыш туындыны Сәулебек Асылханов сахналайды. Бұл Сәбира Майқанованың екінші тынысын ашқан спектакль болды.

М.Әуезов театрында Сәулебек Асылханов Тұңғышбай Жаманқұловқа арнап «Кішкентай ауыл» драмасын сахналады. Бұл қойылымға: «Академиялық театрдың «Ана – Жер-анадан» кейінгі үлкен табысы» деп Асқар Сүлейменов баға берді. «Кішкентай ауыл» театр репертуарында ұзақ жылдар сахналанған спектакльдер тізбегінде болды.

В.И.Немирович-Данченко: «режиссер-актер, режиссер-ұйымдастырушы, режиссер-айна» деп режиссер бойында болуға тиіс қабілеттерді атайды. Сәулебек Асылхановта осы үш қасиет те бар. Ол елордадағы Ұлттық дәстүрлер театрының негізін қалады, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде «театр және өнертану» факультетінің деканы болды, бүгінгі таңда аталмыш оқу орнында жас режиссерлерді тәрбиелеп жатқан ұлағаты ұстаз.

Бахтияр ТҰРСЫН,
театртанушы

БҮГІНГІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Мемлекеттік қызмет – қоғам дамуын қамтамасыз ететін маңызды институттардың бірі. Елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени дамуының сапасы көбіне мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне байланысты. Заманауи әлемде тек білімді ұрпақ қана жаһандық өзгерістерге бейімделіп, елін алға сүйрей алады. Осы орайда, біз мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі, оның ішінде жаңа формат арқылы қабылданған қызметшілердің пікірімен бөлісіп отырмыз.



Дарин Тлеубекұлы,
Астана қаласы Нұра ауданы әкімі аппараты кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы:

– Шындық пен амбиция адамның өмірлік философиясының негізі болып табылатын адам үшін мемлекеттік қызмет – табиғи таңдау. Бұл – жоғары моральдық құндылықтар мен мамандық деңгейді жетілдіруге деген ұмтылыс нақты жүзеге асатын сала. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметке кіруге мүмкіндік көп, әсіресе жастарға. 2022 жылдан бастап осы салада еңбек шартымен жұмыс істей отырып, мен терең әрі көп қырлы тәжірибе жинақтап, қоғамға қызмет етудің әр қадамының қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Бұл салада әрдайым жетуге болатын мақсаттар бар. «Өмір бойы тіршілік ет, өмір бойы үйрен» дегендей, әр күн жаңа мүмкіндіктер, өмірлік әрі кәсіптік сабақтар әкеледі. Сол мүмкіндіктерді пайдаланып, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа пилоттық жобасы арқылы кіріп, бүгінгі таңда Астана қаласы Нұра ауданы әкімі аппараты кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы болып қызмет етіп келемін. Жас мемлекеттік қызметкер ретінде мемлекеттің гүлденуіне өз үлесімді қосып жүргенімді мақтаныш көремін. Өз еліміздің гүлдену жолында қызмет ету – мен үшін үлкен абырой.

азаматтардың мүддесін қорғау мақсатын жүзеге асырамын деп ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа пилоттық жобасына қатысып, жеңімпаз атандым. Пилоттық жоба жастарға жол ашып, кадрлық құрамның білімді жас кадрлармен толығына себепші болып отыр. Мемлекеттік қызмет – елдің дамуына үлес қосып, халықтың сенімін ақтайтын маңызды алаң. Әрбір азаматтың өмірін жақсартуға бағытталған жұмыстың бір бөлігі болу – мен үшін үлкен мәртебе. Менің ойымша, Қазақстан Республикасының болашағы білімді, белсенді және адал қызметкерлердің қолында. Сондықтан мен еліміздің дамуы үшін аянбай еңбек етуге дайынмын.



Ескендір Ардақұлы,
Астана қаласы Нұра ауданы әкімі аппараты өндіріс-техника бөлімінің бас маманы:

– Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Механика және металлургия» мамандығында білім алдым. Қазіргі таңда Астана қаласы Нұра ауданы әкімдігінде өндіріс-техника бөлімінің бас маманы қызметін атқарамын. Мемлекеттік қызметке Е-қызмет жүйесіндегі енгізілген жаңа пилоттық жоба бойынша іріктеліп, өкімшілік мемлекеттік лауазымға тағайындалдым. Маған бұл конкурстың ұнағаны – өзіңе ыңғайлы кезде кез келген уақытта тесттерден өтуі. Пилоттық жоба мен сияқты тәжірибесі жоқ университетті енді тәмамдаған жастарға керемет мүмкіндік деп санаймын. Атқаратын жұмысым өзіме ұнайды. Әріптестеріммен өте татуымыз, көмек қажет жағдайда бір-бірімізді әрдайым қолдаймыз. Мемлекеттік қызметте жұмыс істеуді бала кезден армандаған едім, жұмыс жасап өз еліме, халқыма пайдам тисе екен деп ойлаймын. Әрқашан өз жұмысыма адал болып, еліміздің дамып, өркендеуіне аз да болса өз үлесімді қосқым келеді. Болашағымыз біз сияқты жастардың қолында.



Берік Алпысбайұлы,
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Астана қаласы бойынша департаменті бәсекелестікті қорғау бөлімінің бас маманы:

– Мен мемлекеттік қызметке келу туралы шешімді саналы түрде қабылдадым. Бұл – мен үшін халыққа қызмет ету және елдің игілігіне үлес қосу жолы. Мемлекеттік қызмет тек жұмыс емес, ол – жауапкершілік пен адалдықты талап ететін өмірлік таңдаулардың бірі. Халықтың сенімін ақтап,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

МАЙЛИННІҢ МҰРАСЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай мектебімізде ерекше мәдени іс-шара ұйымдастырылды. «Шұғаның белгісі – сахнада» қойылымы өтті. Оны ұйымдастыруда 9 «А», 9 «Ә» және 9 «Б» сыныптарының оқушылары айрықша атсалысты. Жетекшілері – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Г.Жүсіпова, Н.Кембаева, Д.Шакирова.



Оқушылар Бейімбет Майлиннің таңғайып шығармасы – «Шұғаның белгісін» сахнада көрсетті. Олар кейіпкерлердің бейнесін шебер сомдап,

көрермендерге әсерлі қойылым ұсынды. Әрбір сахналық көрініс ерекше дайындықпен, көркемдік талғаммен қойылды. Оқушылар актерлік қабілетін

көрсетіп қана қоймай, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне деген құрметін де көрсетті.

Көрермендер іс-шараның заманауи тәсілдермен ұйым-

дастырылғанын ерекше атап өтті. Қойылымнан кейін QR-код арқылы кері байланыс беру мүмкіндігі ұсынылды. Бұл әдіс көрермендердің пікірін жинақтап, іс-шараның сапасын бағалауға ықпал етті.

Іс-шара соңында қойылымға қатысқан оқушылар түрлі номинация бойынша марапатталды. «Ең үздік рөл», «Көрермен көзайымы», «Тартымды рөл» номинациялары бойынша белсенді оқушыларға арнайы мадақтама қағазы табысталды. Бұл марапаттар балаларды ынталандырып, өнерге деген қызығушылығын арттыра түсті. Мұндай мәдени іс-шаралар мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытып қана қоймай, қазақ әдебиетін насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосады. Сәтті өткен іс-шараның ұйымдастырушылары мен қатысушыларына алғысымыз шексіз!

Гауһар ЖҮСІПОВА,
Төлеген Айбергенов атындағы №16 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС (090940011412) Астана қ., Конституция көшесі, 14 н. б. 2 мекенжайы бойынша тіркелген, құрылтайшының 27.01.2025 жылғы №2/01 шешіміне сәйкес серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылданды, талап арыздар Астана қаласы, Конституция көшесі, 14 н. б. 2 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай қабылданады.

Халықаралық «Түркі тілдес мұғалімдері» ассоциациясы ЖШС, БСН: 130940024602, мөрін жоғалтуға байланысты жарамсыз деп танылсын.

№10 (4754) 28/01/2025 Сейсенбі

ҚҰРСАУДАҒЫ ЛЕНИНГРАД ТУРАЛЫ КӨРМЕ

ҚР Қарулы күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Ленинградты қоршаудан босатудың 81 жылдығына орай «Ленинградтық өренім» көрмесі ашылды.

Іс-шараға қоршаудағы Ленинград күәгерлері, Қарулы күштер ардагерлері, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледж кадеттері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты. Музей директоры Дәулет Қадировтың айтуынша, көрмеге Ленинград шайқасына қатысушы қазақстандықтардың жеке заттары мен архив құжаттары қойылған.

– Майданға аттанған қазақстандық жауынгерлердің 40 пайызы Ленинград бағытында соғысқанын тарихтан білеміз. Олардың көпшілігі Кеңес Одағының Батыры атағы мен орден-медальдарды иеленді. Қос дивизия – ақмоалық 310-ыншы және петропавлдық 314-інші «Өмір жолын», Ленинградты құрлықпен қосатын, Ладога өзені арқылы өтетін жолды қорғады. Көрмеге Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың архив құжаттары қойылды. Был оның 100 жылдығын атап өтеміз. Аталмыш көрме тұрақты болып, жаңа



жәдігерлер мен архив құжаттарымен толығып отырады, – деді Дәулет Қадиров.

Көрмеге келгендер Ұлы Отан соғысына қатысушылардың фотосуреттерін, іздестіру жұмыстары кезінде табылған снаряд сынықтарын, сарбаз

дардың құжаттары мен жеке заттарын тамашалады.

Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев Ленинградты ерлікпен қорғау оқиғасы Ұлы Отан соғысы тарихында ерекше орын ала-

тынын атап өтті. Қала үшін шайқас 900 күн мен түнге созылды. Нева жағасындағы шаһарды азат етуге Қазақстан айрықша үлес қосты. Соның ішінде мерген Сәрсембай Рүстембеков, бөлімше командирі Жолдас Арықбаев, зеңбірекші, аға лейтенант Тастақ Назаров, қатардағы жауынгер Илгиз Тасбаев, аға сержанттар Иван Гуз бен Шанхан Косоев ерліктері ерекше көзге түсті.

Көрменің ашылуына Ленинград қоршауда болғанда сол қалада болған соғыс перзенті Гельдира Валеева, Әлия Молдағұлованың туысы Жұлдыз Нұртас қатысты. Әлияның немере інісі Сапардың немересі екенін айтқан Жұлдыз батыр қыздың өміріне тоқталды. Жыр алыбы Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңін ҚР Қарулы күштері орталық ансамблінің мүшесі Нұрлан Нұртазин оқыды.

Екатерина ТЫЩЕНКО



ӘМЕН ТҰЯҚОВ ТУРНИРИ

Астана қаласында екінші мәрте өткен Astana Indoor meet for Amin Tuyakov prizes халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Бәсеке барысында 142 спортшы 13 сайыс бойынша сынға түсті.

Олардың арасында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш әлем чемпионы Нора Джеруто, жабық кешендегі әлем чемпионатының қола жүлдегері Надежда Дубовицкая, Елизавета Матвеева сынды 44 отандасымыз қатысты. Қазақстаннан бөлек, Аустралия, Оман, АҚШ, Ямайка, Жапония сынды 40-тан аса елдің танымал спортшылары да бар.

Жарыс қорытындысы бойынша жерлестеріміздің арасынан ең жоғары нәтижені биікке секіруден 1.88 метрді бағындырып, қола жүлдеге ие болған Елизавета Матвеева көрсетті.

«Париж Олимпиадасынан кейінгі ресми алғашқы жарысым. Жарақатыма байланысты көп дайындала алмадым. Дәрігерлердің рұқсат беруінің өзі мен үшін үлкен сый болды. Ешқандай санға мән бермей, сайыс атмосферасын сезінуге келдім. Енді тек сәуір айының соңында басталатын жазғы маусымға



сай болуға тырысамын» деді биіктікке секірудегі жұлдыз орынбасары – Надежда Дубовицкая.

Турнирден кейін жанкүйерлер «Таза Қазақстан» акциясы аясында спорт кешенінің

қоқысын жинады.

«Жеңіл атлетикадан әлемдік жұлдыздарды өз көзімізмен көргеніме қуаныштымын. Үнемі шетелдік ақпарат құралдарында стадионды жанкүйерлер

тазалары деген ақпаратты естіп таңғалушы едім. Мен де қаланың тазалығына үлес қосқаныма өте қуаныштымын» деді акцияға қатысқан жанкүйердің бірі.

КВАРТЕТТІҢ КОНЦЕРТІ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы «Қазақквартет шақырады» циклы аясында Ф.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті квартеттің (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ернар Мыңтаев) «Мерейтойлар сиқыры» концертін ұсынды. Концерт «Астана Опера» театрының К.Байсейітова атындағы камералық залында өтті.



Өнер ұжымы И.С.Бахтың соңғы туындыларының бірі – «Фуга өнері» («Kunst der Fuge») шығармасынан үзінді орындады. Ф.Мендельсонның 44-опусына кіретін квартеттер XIX ғасырдың музыкалық мәдениетіне веналық классиктердің дәстүрін жалғастырып, автобиографиялық сипатқа ие болды. Композитор бұл туындыларды

өзіне жақын адамдарына арнап жазған. Квартет №2 ми минор ор. 44 шығармасы классикалық қатаң формасымен ерекшеленеді. Квартет бағдарламасына қазақстандық композиторлардың шығармалары да енген. Дәстүр бойынша бұл кеште А.Тоқсанбаевтың «My respect to Mr. Tattimbet» атты квартеті орындалды.

СУМОДА ТОП ЖАРҒАН ҚАЗАҚ БАЛУАНЫ

Токиода өтіп жатқан сумодан 2025 жылғы алғашқы турнир – хацу башёның ең жоғарғы алаңы – макучи дивизионында бақ сынаған қазақстандық Еркін Балтағұл үздік үштіктің қатарынан көрінді.

Еркін 15 күндік белдесуде 13 рет ұтып, 2 рет жығылды. Финалда ол 25 жастағы жапон балуаны Охо Коносукеден жеңілді. Моңғолиялық Хошорю Бямбасүрэн, жапон Охо Коносуке және Кимбодзан Еркін үшеуінің жеңіс саны бірдей болғандықтан, өзара чемпиондыққа таласты. Алайда Еркін екеуіне де есе жіберіп, 3-орынды қанағат тұтты. Моңғол балуаны Хошорю чемпион атанып, сумоның ең жоғарғы атағы – ёкозун дәрежесіне қол жеткізді. Хошорю – ёкозун атаған тарихтағы 74-інші, Моңғолиядағы 6-сумошы.

Кимбодзан Хируки лақап атымен танымал Еркін 2024 жылы макучи дивизионына көтерілген болатын. Кимбодзан Хируки – қаңтар айындағы бәседе бірде-бір рет жеңілмеген жалғыз балуан. Алайда жарақаты салдарынан жыл бойы дұрыс күрес алмай, рейтингтегі орны төмендеп, сумоның екінші алаңы – жүро дивизионына түсіп қалған болатын. Желтоқсан айында жүрода кюшю чемпионы атанған. Сосын бірден



макучи дивизионына қайта көтерілген еді. Былтыр Еркін осы хацу башёны 4-орынмен аяқтаған, нақтылап айтсақ, 11 жеңіс, 4 жеңіліс.

Еркінге хацу башёда үздік үштіктен көрінгені үшін жоғарғы атақтар мен мол сыйлықтар беріледі. Рейтингі де төмендеп, сумоның екінші алаңы – жүро дивизионына түсіп қалған болатын. Желтоқсан айында жүрода кюшю чемпионы атанған. Сосын бірден



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 10

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ